



Каспий Құбыр Консорциумы-К
Акционерлік Қоғамы

Акционерное Общество
Каспийский Трубопроводный Консорциум-К

«КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫ-К» АҚ-НЫҢ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

«Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ (бұдан әрі – КҚК-К, Компания) мұнай тасымалдауды жүзеге асырады және өз қызметкерлері мен мердігер ұйымдарының қызметкерлерін, сондай-ақ Компания нысандары орналасқан аймақтарда тұратын халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін, қоршаған ортаны және өз активтерін қорғауды өз қызметіндегі басты басымдық деп есептейді.

Компания өз қызметінің сипатын және ықпал ету ауқымын біледі, өз жауапкершілігін түсінеді, сондай-ақ оның алдына қойған стратегиялық мақсаты - жаракаттану көрсеткішін нөлге жеткізу, апатсыз өндірістік қызметті және Компания қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, бұл ретте зиянды немесе қауіпті өндірістік факторлардың қызметкерлерге әсері жоққа шығарылған не олардың әсер ету деңгейі белгіленген нормативтерден аспайды, сонымен қатар жол-көлік оқиғаларының, Компаниядағы автокөліктерді және арнаулы техниканы пайдалануға байланысты басқа да оқиғалардың салдарынан адам шығынын, жаракаттарды, денсаулықтың нашарлауын болдырмау.

Компания келешек ұрпақ үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтап қалуға жауапты екенін түсінеді және шаруашылық қызметін жүргізген кезде табиғи ресурстарды орынды пайдалануды, экожүйелер мен биоалуантүрлілікті сақтауды, қоршаған ортаның ластануын, өндірістік қалдықтарды мейлінше азайтуды өз қызметіндегі басымдықтар ретінде белгіледі.

Компания қызметкерлермен және мердігерлермен диалог орнату арқылы оларды жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге белсенді әрі жауапкершілікпен қатыстыру өндірістік міндеттерді шешу мақсатында алуан түрлі автокөліктерді және арнаулы техниканы үздіксіз және апатсыз пайдаланудағы міндетті шарт екенін мәлімдейді.

Белгіленген ең басты басымдықтарды жүзеге асыру үшін Компания алдына келесідей стратегиялық мақсаттарды қояды:


- Компанияда және қоғамда басшылықтың көшбасшы болуын қамтамасыз ету және Қауіпсіз өндіріс мәдениетін, экологиялық мәдениетті жақсарту, Компаниядағы және мердігер ұйымдардағы қызметкерлердің жауапкершілікті экологиялық дүниетанымын қалыптастыру арқылы табиғатқа ұқыпты қарауға, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға тәрбиелеу;
- Компания нысандарында медициналық сипаттағы, соның ішінде пандемия секілді сыртқы факторлардың әсеріне, Компания мен мердігер ұйымдар қызметкерлерінің денсаулық жағдайына байланысты шұғыл жағдайлардың қатерін азайту;
- қауіптерді анықтау және жою, өндірістік жаракаттану және кәсіби аурулар қатерін, экологиялық қатерді, жабдықтардың тұтастығы мен сенімділігінің төмендеу қатерін азайту;
- Компанияның және мердігерлердің барлық қызметкерлерінің ЕҚ,ӨҚ және ҚОҚ, жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы біліктілік деңгейінің арттыру;
- мердігер ұйымдарды ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында басқару жүйесін жетілдіру;
- Компания ішінде және мердігер ұйымдарда ынталандыру және жауапкершілік жүйесін қолдану;
- Компаниядағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша бизнес процестерді автоматтандыруды және біріктіруді жүзеге асыру;
- өндірістік қызметтің экологиялық қауіпсіздігі деңгейін арттыру;
- ТЖ кезіндегі апатқа даярлық және ден қою деңгейін арттыру, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың орын алу қаупін және олардың салдарының алдын алу үшін апаттық-құтқару құрылымдары күштерінің және құралдарының, материалдық-техникалық ресурстардың ұдайы дайындығын қамтамасыз ету.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізген кездегі Компанияның міндеттемелері:


- Қазақстан Республикасының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамасының, қолданыстағы халықаралық стандарттар мен практикалардың, «КҚК-К» АҚ ішкі процедуралары мен нұсқаулықтары талаптарын орындау;
- барлық деңгейдегі қызметкерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз ету және ұдайы жақсарту процесіне қатысуы үшін жағдай жасау, Компанияның және мердігерлердің қызметкерлерімен консультациялар өткізу;
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ БЖ-ны үздіксіз жетілдіріп тұру.

КҚК-К басшылығы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесінің тиімділігін үздіксіз арттырып тұру қажеттілігін түсінеді және оны жүйелі түрде мониторингілеу, талдау, проактивті көрсеткіштерін қолдана отырып бағалау, қажетті ресурстарды бөлу қағидаттарын орындайды, және де Компанияның барлық деңгейінде Саясаттын орындалуына жауапты болады.

Бас директор
Н.Н. Горбань


«27» 04 2024

Пайдалану департаменті
А. А. Дмитриюков


«27» 04 2024